

**Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін ұсынатын өтініштің нысанын және құжаттар тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 27 тамыздағы N 115 Бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 28 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5761 болып енгізілді

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 46-2-бабының 4-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген:

1) Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін ұсынатын өтініштің нысаны;

2) Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін ұсынатын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді және ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Р. Түсіпбеков*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2009 жылғы 27 тамыздағы N 115  
бұйрығымен бекітілді

**Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін  
ұсынатын өтініштің нысаны**

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің  
Зияткерлік меншік құқығы  
комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_  
(басшы аты-жөні)

\_\_\_\_\_  
(ұйым атауы, басшы аты-жөні, қызметі)  
Реквизиттері: \_\_\_\_\_  
(заңды мекен-жайы, байланыс телефоны)

**Өтініш**

\_\_\_\_\_  
(ұйым орналасқан мекен жайы)  
орналасқан, тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның тіркелу нөмірі)  
БСН: \_\_\_\_\_ (ол бар болғанда) СТН: \_\_\_\_\_  
(бизнес-сәйкестендіру нөмірі) (салық төлеушінің тіркелу нөмірі)  
\_\_\_\_\_  
(мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның толық атауы)

\_\_\_\_\_  
("Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" ҚР Заңының  
43-бабының 3-тармағына сәйкес)  
ұжымдық басқару саласында бірлестік мүшелері атынан "Авторлық құқық  
және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының  
46-1-бабына сәйкес, аккредиттеуден өткізуіңізді өтінемін.

Өтінішке қосымша келесі құжаттар тіркеледі:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

М.О. \_\_\_\_\_  
(қолы) (қызметі, аты-жөні)

Күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

**Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым  
аккредиттеуден өту үшін ұсынатын құжаттар тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 09.12.2013 № 375 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетіне:

- 1) өтініш;
- 2) аккредиттеуден өту туралы жалпы жиналыс шешімі электрондық құжат нысанында;
- 3) ұйымның мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдерінің көшірмелері электрондық құжат нысанында;
- 4) жалпы жиналыстың сыйақы мөлшеріне қатысты шешімі электрондық құжат нысанында;
- 5) жалпы жиналыстың пайдаланушылармен лицензиялық шарт жасасу талаптарына қатысты шешімі электрондық құжат нысанында;
- 6) жалпы жиналыстың жиналған сыйақыны бөлу және төлеу әдісіне қатысты шешімі электрондық құжат нысанында;
- 7) зияткерлік меншік құқығы саласындағы мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның жұмысын тексеру туралы соңғы екі жылдағы мәліметтері электрондық құжаттың көшірмесі нысанында;
- 8) авторлық құқық және сабақтас құқық объектілері құқық иелерінің қызметті алушыға қатысты пікірі электрондық құжаттың көшірмесі нысанында;
- 9) осы тізбенің қосымшасына сәйкес нысаны бойынша мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін ұсынатын мәліметтер.  
«электрондық үкімет» веб-порталында:
  - 1) электрондық цифрлық қол (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық нысаны ретінде сұрау;
  - 2) аккредиттеуден өту туралы жалпы жиналыс шешімі электрондық құжат нысанында;
  - 3) ұйымның мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын шетелдік ұйымдармен жасасқан екіжақты және көпжақты келісімдерінің көшірмелері электрондық құжат нысанында;
  - 4) жалпы жиналыстың сыйақы мөлшеріне қатысты шешімі электрондық құжат нысанында;
  - 5) жалпы жиналыстың пайдаланушылармен лицензиялық шарт жасасу талаптарына қатысты шешімі электрондық құжат нысанында;
  - 6) жалпы жиналыстың жиналған сыйақыны бөлу және төлеу әдісіне қатысты шешімі электрондық құжат нысанында;
  - 7) зияткерлік меншік құқығы саласындағы мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның жұмысын тексеру туралы соңғы екі жылдағы мәліметтері электрондық құжаттың көшірмесі нысанында;
  - 8) авторлық құқық және сабақтас құқық объектілері құқық иелерінің қызметті алушыға қатысты пікірі электрондық құжаттың көшірмесі нысанында;
  - 9) осы тізбенің қосымшасына сәйкес нысаны бойынша мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым аккредиттеуден өту үшін ұсынатын мәліметтер.

Мүліктік құқықтарды  
ұжымдық негізде басқаратын  
ұйым аккредиттеуден өту үшін  
ұсынатын құжаттар тізбесіне  
қосымша

нысан

**Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым  
аккредиттеуден өту үшін ұсынатын мәліметтер**

- 1) Авторлық құқықты және сабақтас құқықты басқару туралы әрекет күші бар жасасқан келісімдер саны \_\_\_\_\_;
- 2) Авторлық құқықты және сабақтас құқықты пайдаланушылармен әрекет күші бар жасасқан келісімдер саны \_\_\_\_\_;
- 3) Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым мүшелерінің тізімі \_\_\_\_\_;
- 4) Құқық иелері мен пайдаланушылар үшін қажет Қазақстан аймақтарында мұндай ұйым атынан шығатын тұлғалар туралы мәліметтер \_\_\_\_\_;
- 5) Интернет-ресурсы бар туралы мәлімет \_\_\_\_\_.